

Ж.А. Жақыпов^{1*}, Қ.Б. Түйлебаева²^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
e-mail: zhan.zhak58@gmail.com¹, TKB.84@mail.ru²

Сөйлеуде бейберекеттіліктен реттілікке өту

Мақалада түрлі ғылым саласының зерттеу нысанына айналған, ашық та күрделі жүйелерде болатын құбылыстардың өздігінен ұйымдасуы арқылы қоғамға бейімделу сипатын білдіретін ұғым ретінде қарастырылып жүрген синергетиканың бейберекеттік (хаос) құбылысын реттеудегі контекст мәні мен қызметі қарастырылған. Мақала «Қазақ тіліндегі синергиялық құбылыстар» атты докторлық диссертация бойынша жүргізілген зерттеу жұмысының тілдік айғақтар арқылы талдау бөлімін камтиды. Синергия ұғымы әлемдік тенденцияға айналып, барлық ғылым саласы жаппай қолданып жатқанда, тіл жүйесін зерттеуде лингвистикада (лингвосинергетика), оның ішінде қазақ тіл білімінде де зерделенуі заңды деп санаймыз. Лингвосинергетика тілді динамикалық және өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде қарастырады, жүйедегі элементтердің бірлесе әрекет етуі жаңа лингвистикалық формалар мен жаңа ашылулардың пайда болуына әкеледі. Мақаланың басты мақсаты — сөйлеудегі бейберекеттік (хаос) құбылысын контекст арқылы реттеудің механизмдерін анықтау, тілдік айғақтар арқылы мән-мағынасын ашу. Осы мақсатымызға жету үшін алдымызға келесі аталған міндеттерді қойдық: – синергетиканың хаос құбылысының мәні мен тіл біліміндегі көрінісін сипаттау; – контекстің хаос құбылысын реттеуде маңызды рөл атқаратынын айқындау; – тілдік айғақтарға контекстік талдау жасау. Зерттеу материалы ретінде аталған тақырып бойынша жазылған монографияларға, ғылыми мақалалар мен түрлі зерттеу жұмыстарына шолу жасалды, нәтижесінде қазақ тіліндегі әдеби шығармалардан мысалдар (тілдік айғақтар ретінде) ұсынылады. Зерттеу барысында дәстүрлі сипаттамалық, салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы әдістермен қатар, тілдік айғақтарға синергетикалық, контекстік және лексикалық талдау жасалды. Зерттеудің теориялық маңызы лингвосинергетика, соның ішінде хаос ұғымына қатысты білімді жүйелеу және осы саладағы қазіргі заманғы зерттеулердің сипатын тереңірек түсіну болса, практикалық маңызы синергия, лингвосинергетика, хаос және контекст тақырыптары бойынша ізденушілерде зерттеу, талдау нәтижесі негізінде тереңірек білім қалыптастыруға қосқан үлесі арқылы көрінеді. Авторлар ғылыми материалдар мен негізді дерек көздеріне сүйене отырып, тіл жүйесін зерттеуде лингвосинергетика заңдылығын түсіну маңызды деген қорытындыға келді және зерттеу нәтижесінде контекст хаосты реттейтін негізгі фактор ретінде анықталады. Қазақ тіл білімінде тіл жүйесінің ашық, үнемі дамып отыратын синергиялық құбылыс екені туралы жалпылама теориялық зерттеу жұмыстары болғанымен, синергиялық құбылыс түзуші ұғымдарға талдау жасалған жоқ. Мақала — хаосты реттеудегі контекст маңызын нақты мысалдармен, тілдік айғақтармен ашып көрсететін алғашқы зерттеу жұмысы болмақ.

Кілт сөздер: синергетика, хаос, контекст, тілдік жүйе, лингвосинергетика, диссипация, бифуркация.

Кіріспе

Тіл білімінде, оның ішінде тіл жүйесінде орын алатын өзгерістерді зерттеуде *синергия* ұғымын қолдану әлемдік тенденцияға айналды. Синергия заңдылықтары тіл білімінің кейбір мәселелерін шешуде, нақтырақ айтсақ, ашық, өзгеріске бейім әрі үнемі дамып отыратын тілдік жүйедегі құбылыстарды зерттеуде, сөз мағынасын ашуда, мағынаның өзгеріске түсу сипатын анықтауда, сөздің түрлі өзгерістерді қабылдай отырып, жаңа мағынаға ие болу заңдылықтарын сипаттауда, омоним түзу құбылысын, жойылу алдындағы ерекшелігін талдауда басымдыққа ие болып отыр.

Мақала синергияның бейберекеттік (хаос) құбылысын реттеудегі контекст қызметіне арналады.

Зерттеу барысы түсінікті болу үшін алдымен *хаос* ұғымының мәнін теориялық анықтама беру арқылы ашып алайық. Хаос — синергетиканың негізгі ұғымдарының бірі болып саналады. Тіл жүйесінің ашық болуы жүйенің қоғамдағы өзгерістерді қабылдауға бейімділігін көрсетеді, бұл синергетикада диссипация (диссипативность — свойство системы, позволяющее ей непрерывно обмениваться информацией с окружающей средой) [1; 699] құбылысы деп аталады. Аз болса да үздіксіз өзгерістерді қабылдау нәтижесінде жүйеде ауытқу, тербелу орын алып, синергетиканың флуктуация құбылысы пайда болады. Егер мұндай тербелістер тым күшті болса, жүйеде тұрақсыздық орын алады. Жүйенің тұрақсыз күйі оның элементтерінің бұзылуына, өзгеруіне әкелуі мүмкін,

* Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: zhan.zhak58@gmail.com

нәтижесінде бифуркация деп аталатын екіге бөліну, ажырау мәнімен сипатталатын құбылыс пайда болады да, жүйеде хаос (бейберекеттік) орын алады. Ал туындаған хаос жүйенің жаңаруына себеп болуы мүмкін. Бұл туралы Д.Д. Старикованың зерттеу жұмысында синергетика құбылысындағы хаос «бұзушы күш» ретінде емес, жүйенің жаңару жолында өтуі керек, жаңа тәртіп орнатуға себеп болатын құбылыс ретінде сипатталады [2; 564].

Хаос адам тәртіп, жүйелілік деп қабылдаған нәрсесінің шектен шығуын сипаттайды. Сондықтан да болар хаос ұғымын әркім әркілі қабылдайтындықтан, мағынасы келесі ұғымдар арқылы сипатталады: бейберекеттік, түсініксіздік, шатасу; тұрақтылықтың шашырауы, тұрақсыздық; жүйесіздік, тәртіптің бұзылуы; кездейсоқ әрекеттің, жағымсыз жаңалықтың орын алуы.

Хаос ұғымына қарапайым мынандай мысал: егер газет-журналдарда мақала тақырыбы берілмесе, оқырман өзіне керекті ақпаратты алу үшін әр мақаланың басын оқиды, мәтін мазмұнын, автордың идеясын анықтағанша, оқырманның миында хаос туындайды. Жалпы адамның ойы мен тілі өмір бойы хаостан тәртіпке қарай өзгеріп отырады, нәрестенің туылған кездегі санасы хаос күйінде болады, содан кейін біртіндеп тілді меңгереді, одан әрі тәжірибе мен оқу арқылы өзінің ойлауын реттейді. Тәртіп пен хаос үнемі күресіп отырады.

Тіл білімінде, оның ішінде лингвосинергетикада хаос ұғымын жоғарыда аталған анықтамалардың алғашқысы ашады, сонымен хаос — жүйедегі тәртіпсіздік, бірақ ол жаңа тәртіпке көшуге ықпал ететін құбылыс. Тілдік жүйені құрайтын сөз мағынасының түрленуі, алмасуы, құбылуы, өзгеруі, кеңеюі, тарылуы және жаңа сипат алуы коммуникацияның қай түрінде болмасын (ауызша, жазбаша) хаос тудырады. Сөздердің мұндай өзгеріске ұшырауының басты себебі заттың, құбылыстың, олардың қасиетінің, қызметінің өзгеруі, жойылуына байланысты. Кейбір сөздер тіпті ғасырлар бойы тұрақсыз өзгеріске ұшырай беруі мүмкін. Бұл тіл жүйесіне әсер етуші сыртқы және ішкі факторларға байланысты, аталған факторлар тіл жүйесінің диссипативтілік сипатына орай түрлі өзгерістерге алып келеді.

Лингвосинергетикада орын алған хаос құбылысын реттеуде контекст маңызды рөл атқарады, яғни сөйлеуде реттеушілік қызметі арқылы *контекст* хаосқа жол бермейді.

«Контекст» ұғымы жалпы тіл білімінде алғашқыда белгілі бір мазмұнды бейнелейтін сөздер тізбегі ретінде танылды. Кейін контекст ұғымының мәні нақтыланып, «аяқталған ойды білдіретін бірлік» ретінде түсіндіріле бастады. Контекст — өзінің аясындағы элементтердің мән-мағынасы, мазмұны белгілі бір дәрежеде көрініп тұратын, жеке жайтқа байланысты анықталып тұратын сөйлемдер тіркесі. Сөздің, сөйлемнің немесе мәтіннің мағынасын нақтылайтын, түсінуге мүмкіндік беретін жағдайлар мен ақпараттардың жиынтығы. Контекст — белгілі бір сөздің немесе сөз тіркесінің тіркесінің, сөйлемнің мәнін тереңірек ашып, мағынасын толық дұрыс түсінуге көмектесетін мәнмәтін.

Ж. Жақыпов «Контекстуалдық синтаксис» атты еңбегінде сөйлеудегі (лексикалық, құрылымдық) мағынаны — бастапқы мағына, ал контекстен туындайтын мағынаны екінші дәрежелі деп атап, тіл мен контекстің арақатынасын форма мен функция арақатынасы ретінде қарастырады. Аталған еңбегінде: «Контекст деген белгілі бір тілдік бірліктің ортасы және сол орта арқылы өз мағынасын нақтылай түсуінің жағдайы, шарты деп ұсынуға болады. Контекст — тілдік құбылыстардың кез келген деңгейіне (фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік) тән құбылыс. Контекст сөйлемдердің мағынасын нақтылауға да қатыса алады» деп анықтама береді [3; 33]. Демек, контекст ұғымы тіл білімінде түрлі сипатта көрінеді: лингвистикалық контекст, ситуациялық контекст, лексикалық контекст, синтаксистік контекст. Бұл бөлек әңгіме, біздің айтпағымыз — синергияның хаос деп аталатын құбылысын реттеудегі контекст қызметін ашу, мақаламыздың басты нысаны — осы, себебі контекст лексикалық және грамматикалық жиынтықты білдіретін синтаксистік бірліктен ғана емес, мәтіннің сюжеттік-тақырыптық құрылымы оның құрылуының себеп-салдарлық байланыстарын қоса қамтитын ақпараттардан тұрады.

Тіл білімін, тілдік жүйені синергетика ұғымымен байланыстыра қарастыру соңғы 30 жыл көлемінде зерттеле бастады (В.И. Аршинов, Я.И. Свирский. Синергетическое движение в языке. — М., 1994). Нәтижесінде тіл білімінде жаңа *лингвосинергетика* деп аталатын бағыт қалыптасты (И.А. Герман. Лингвосинергетика. — Барнаул, 2000). *Синергия* терминінің негізін салушы Г. Хакен (Г. Хакен. Синергетика. — М., 1980) күрделі динамикалық жүйелердегі (жаратылыстану ғылымында) орын алатын үдерістер ретінде сипаттайды. Кейін синергетика терминін тіл біліміне қатысты зерттеу элементтік тенденцияға айналды. Тіл мамандары аталған терминге «Лингвосинергетика представляет собой междисциплинарное направление в изучении языка, исследующее динамическое развитие

языковых групп и их влияние на самоорганизацию и фрактальную структуру языковой системы. Это направление основано на принципах синергетики, которые учитывают сложные системы и их взаимодействие, что позволяет более глубоко понять, как язык действует как открытая, нелинейная и изменяющаяся система» [5; 6] (Татьяна, 2019; Домброван, 2016) деп түсінік берсе, осыған ұқсас пікірді келесі зерттеушілер «В отличие от традиционных подходов, лингвосинергетика акцентирует внимание на изменчивости и динамичности языковых процессов, что делает ее особенно актуальной в условиях современного языкового многообразия и глобализации» [7; 8] (Васильченко, 2019; Щербакова, Фомиченко, 2021) деп түйіндейді.

Шетелдік зерттеуші Д. Храмченконың (Khramchenko D., 2023) пікірінше, әлемдік лингвистикада синергетика ілімінің әдіснамалық мүмкіндіктерін тілтанымдық зерттеулер үшін қолдану тәжірибеге еніп, тілді және оның ішкі қабаттарын (фонетика, сөзжасам, лексикология, сөйлем, мәтін, дискурс, аударма және т.б.) синергетикалық жүйе ретінде дәлелдеуге ұмтылыстар жасалуда [9; 369].

Аталған авторлардың зерттеулерін қорытындылай келе, «Лингвосинергетика — тілді өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде зерттеудің әлемдік әдістемелік құралы» деп тұжырым жасауға болады. Аталған ғылым тілдік бірліктердің динамикасын, олардың әртүрлі контекстердегі өзгергіштігі мен бейімделуін ескеруге, сондай-ақ мәтіндерді дұрыс талдауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ бұл бағыт тілдік процестерді түсінуге және олардың мәдени және әлеуметтанулық аспектілермен байланыста қолданылуына жаңа мүмкіндіктер ашады, бұл — синергетика құбылысын қазіргі тілдік әртүрлілік пен жаһандану жағдайында өзекті етері сөзсіз.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті орыс филологиясы кафедрасының профессоры А.К. Каиржанов — Қазақстандағы синергетика тақырыбын алғаш зерттеуші (А.К. Каиржанов. Синергия языка: Монография. — Астана. — 2007). Ғалым еңбегін орта грек және ескі славян тілдерінің тілдік жүйесін синергетикалық түсінуге арнады. Ал қазақ тіл білімінде синергетика тақырыбында алғаш зерттеу жүргізген Ж.А. Манкеева болды (Ж.А. Манкеева, Қазақ сөзінің синергиясы, 2021). Ғалым монографиясында лингвомәдени, этнотанымдық, мифотанымдық көздердегі және коннотатты-дискурстық жүйедегі «ғаламның тілдік бейнесін» қалыптастырушы сөз синергиясының негізі антропоөзектік парадигма аясында қарастырады.

Жалпы «Синергетика» терминінің қазақ тіл білімінде де қолданылуына қатысты айтылып жүрген тұстары бар. Соңғы жылдары отандық жас ғалымдар мен докторанттар (А. Кожахметова. «Тіл біліміндегі синергетика ғылымы» (2022), А.М. Жумагулова. «Қазақ дискурсының лингвосинергетикасы» (2021), К. Алдашева, И. Султаниязова. «Тіл синергетикасы VS тіл динамикасы» (2021)) мақалаларын қазақ сөзінің синергиясы (сөз күдіреті), қазақ дискурсының лингвосинергетикасы (қазақ дискурсындағы «лингвосинергетикалық бірліктердің» көрінісі) турасында баспасөз беттерінде бірлі-жарым мақала жариялағанымен, бұл мақала — қазақ тілі жүйесіндегі синергиялық құбылыстар, оның ішінде синергиялық құбылыстың контексте реттелуі тұрғысынан жазылған алғашқы тәжірибе, синергетикалық құбылысты терең зерттеуге алғашқы қадамдардың бірі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысының тақырыбына қатысты жоғарыда аталған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері, монографиялар, ғылыми зерттеулер мен мақалалар жинақталып, қазақ тіл білімімен салыстырылды. Сол материалдар мен фактілерді сұрыптау, талдау нәтижесінде теориялық болжамдар жасадық. Зерттеу жұмысының мақсатына жету үшін теориялық болжамдар тілдік айғақтар арқылы талданды, Ә. Кекілбаев, И.С. Тургенов сынды классик жазушылардың шығармаларынан тілдік фактілерді іріктей отырып, мақала мақсатына мысалдарға орай синергетикалық, контекстік және лексикалық талдау жасалды, яғни сөз мағынасының синергетикалық құбылыс нәтижесінде түрліше құбылып хаосқа ұшырауына, туындаған хаосты контекст арқылы реттеудің механизмдерін анықтауға нақты мысалдар беріледі.

Зерттеу жұмысында дәстүрлі сипаттамалық әдіспен қатар, салыстырмалы, тарихи-салыстырмалы әдістерге басымдық берілді. Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы тілдің өзгеру, даму жолдарына талдау жасадық, сол өзгерістің заңдылықтарын анықтадық, тілді дамып, өзгеріп отыратын тарихи құбылыс деп танудың нәтижесінде тілдік жүйенің синергетикалық құбылыс екені дәлелденді. Сипаттамалық әдіс — зерттеушінің белгілі бір құбылыстың мәнін тереңірек түсуіне бағытталған әдіс. Мұнда зерттеуші өткен оқиғалар мен нақты фактілерге сүйене отырып, зерттелетін объектіні сипаттайды, нәтижесінде белгі бір феноменнің заңдылығын ашады. Мақалада хаос ұғымы жүйедегі

тәртіпсіздік болғанымен, жаңа тәртіпке көшуге ықпал ететін құбылыс мәні сипатталады, контекстің хаос құбылысын реттеудегі рөлі айқындалады.

Нәтиже мен оның талқылануы

Ақпараттың шексіздігі, оны қабылдау мен түсінудің жоғары жылдамдығы, интернет байланысының белсенді таралуы, жаңды қарым-қатынастан гөрі виртуалды, яғни әлеуметтік желі арқылы байланыс, уақыттың тым жылдам өтуі — қазіргі адам өміріне тән белгілер. Осындай жаһандық өзгерістер, соның ішінде аз уақытта мол мағлұмат беруге ұмтылу тілдің эволюциясына да әсер етпей қоймайтыны анық.

Сондықтан да қазір мәтін мен контекст — қазақ тіл біліміндегі көкейтесті мәселелердің бірі. Қазіргі мәтіндердің (ауызша, жазбаша) тілдік бірліктері қоғамға қарай бейімделеді, яғни тіл сөзбен, оның формасымен, грамматикалық категорияларымен, мағынаны қалыптастыру логикасымен, тілдік қарым-қатынаста көрінетін сөйлеу құралы арқылы назарға алынады. Мәтіндегі түрлі тілдік ізденістер мен тілдік өзгеріс, жаңа бағыт — барлығы тілге, оның мүмкіндіктерінің шегіне байланысты сипатталады. Поэзияда болсын, прозада болсын сөзді, форманы, сөйлемді стандартты қалыптан шығарудың айқын тенденциясы байқалады. Тіл жүйесі үнемі қозғалыста болатын күрделі құбылыс болғандықтан, зерттеудің тиісті заманауи әдістерін қажет етеді.

Синергетикалық теорияның негізін қалаушылардың бірі Г. Хакен күрделі әрі ашық, сызықтық емес жүйелердің құбылысы қоршаған ортаға байланысты екенін атап өтті [12; 61]. Ал мәтін мәнін анықтауда келесі аталған факторлар міндетті түрде ескерілуі тиіс:

1. Мәтін тудырушы сана, өйткені мәтін тудырушы автор тілінің шеберлігі мен ой тереңдігі қабылдаушы сана үшін ауыр немесе қиын болуы мүмкін. Оқырманның автор тудырған мәтінді қабылдау жетістігі жалпы жас ерекшелігіне, біліміне, ұстанымына, ой-өрісіне жеке және жалпы құндылықтарына байланысты. Автор мен оқырманның көзқарасы үйлеспегендіктен мәтін мәнін қабылдауда қиындықтар туып жатады.

2. Ұлттық болмыс, қазіргі психологтар мен лингвистер бірде-бір объективті мазмұн сөйлеуші мен оқырман санасында бірдей болмайтынын растады. Оқырманның санасында мазмұнның пайда болуы үшін сигнал ретінде қызмет ететін ұлттық тілдік құралдар мен әдістер болады. Мысалы *шаңырақ* сөзі қазақи санасы қалыптаспаған немесе болмысы қазақ емес адам үшін жай ғана киіз үйдің шатыры немесе киіз үй төбесіндегі тор ретінде орналасқан ағаш болуы мүмкін, ал қазақ халқы үшін шаңырақ сөзі — киелі ұғымдардың бірі. Ә. Қайдар «Әрбір халықтың тілі — тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар рухани болмысы мен мәдени байлығының куәгері, барлық болмысы мен өмір тіршілігін, дүниетаным мен әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, ата амұрасын асыл қазынасы ретінде жеткізіп отыратын қасиеті бар» [13; 25] (Ә. Қайдар, 2009) деп тұжырымдайды.

3. Автор мен оқырман арасындағы уақыт алшақтығы. Екеуі де өз заманы тұрғысынан пайымдайды. Сондықтан өткен ғасырдағы кейбір ұғымдардың мәні қазір өзгерген немесе мүлде жойылған болуы мүмкін.

4. Адами инстинкт, түйсік, ой-өрісінің биіктігі, пайымдай білу қабілеті мәтін мәнін анықтауда үлкен рөл атқаратыны белгілі.

Тілдің өзгермелілік сипаты — адамның, ақпарат иесінің еркінен тыс болатын объективті құбылыс. Тілдік жүйедегі синергиялық құбылысының бірі хаостың реттелуінде контекстің маңызы зор. Контекстің реттеушілік қызметін ашу үшін орыс тілінен қазақ тіліне аударылған шығармаларды қарастырып көрдік. Себебі аудармалардағы кейбір сөздер мен сөйлемдердің мәнін түсіну, автор ойын анықтау тек контекст арқылы ғана мүмкін болатын жайттар жиі кездеседі. Сонымен мәтіндегі хаос тудырған жайттардың (асты сызылған сөз тіркестері мен сөйлемдер) **контекст арқылы реттелуінің маңыздылығына келесідей бірнеше тілдік айғақтардан мысал келтіріп көрейік [14, 19].**

Ал, енді атқа міне қалсаң, құдайым сақтасын!... таспен ұрып жығады! — деп бір тыныстап алды. — Әйтеуір, төбең шошаң ете қалса болды, әдептен оздың деп тәлім-тәрбиенің заңымен әбден күстана қылатынын қайтерсің (аударған Қ. Ысқақов, 19-бет).

Мұндағы атқа міне қалу тіркесінің мәні алдыңғы сөйлемдегі Петр Васильевичтің: «Айтпап па едім, бұл аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін жан» – дегісі келгендей, оған жалтақтап қарай береді деген сөзі арқылы, әйелдің ер орнына әрекет етуін, ұнамсыз мінез ретінде сипаттауынан ғана анықтай аламыз. Контекст болмаса, оқырман үшін атқа міну, төбесі шошаң ету тіркестерінің астарын аңғару қиынға соғары анық.

- *Мына туалетіңіздің мәнін түсінбей қалдым-ау?- деп сұрады Борис Андреич.*

- *Ат жектіріңіз, — деп жауап қатты Петр Васильич креслоға бұрынғыдай алқам-салқам емес, жинақылай отырып жатып: - туалеттің мәнісі сол. Жүреміз.*

- *Қайда жүреміз?*

- *Қалыңдыққа (аударған Қ. Ысқақов, 14-бет)*

Міне, осы жерде ғана оқырманға Петр Васильичтің қалыңдыққа бару үшін күндегіден ерекше болып киінгенін, оны досы Борис Андреичтің **туалет** деп атауының мәні жуынып, тазаланып, таза киім киюінің себебінен айтып тұрғаны белгілі болады. Аудармашының аталған сөзді дәл қалпында қалдыруы **туалет** сөзін әжетхана ретінде ғана қабылдайтын қазақ аудиториясы үшін (орыс халқы **туалетная вода** сынды тіркестер арқылы таңсық болмау да мүмкін) хаос туындатары сөзсіз.

Сондай мысалдардың бірі Жалғыз **қарашығымен айырылысар сәтті ойлағанда сыйлы жесір жабығып, көзіне жас алады** (Аударған Әбілмәжін Жұмабаев, 90-бет).

Өзінің қандай асыл қазынаға ие болғанын Фабий тек сонда ғана біледі (Аударған Әбілмәжін Жұмабаев, 91-бет).

Көңілдер үнсіз келеді (аударған Қ. Ысқақов, 38-бет).

Алдыңғы сөйлемдегі **қарашық** сөзінің мәні тек контексте ғана айқындалады, себебі қаршық сөзі көздің қарашығы тура мағынасымен қатар, аса қымбат деген ұғымды береді, тіліміздегі көздің қарашығындай сақтау тіркесі немесе анасының баласын қарашығым деп атауы түсінікті болғанымен, мұндағы кейіпкердің дәл нені қарашығым деп меңзеп отырғаны белгісіз, оның мәнін «*Әзиз анасы қызының тұрмыс құратын кезі келді деп санайды*» деген сөйлемде ашылады.

Одан кейінгі сөйлемдегі Фабий ие болған асыл қазына тура мағынасында ақшамен байланысты байлық болғанымен, алдыңғы **Ұзамай ол Валериямен неке қиып бас қосады** сөйлем арқылы білеміз, аудармада автор жақсы жар қазақтың жеті қазынасының бірі деген ұғымды меңзеп тұрғанын аңғарамыз.

Үшінші сөйлемдегі **көңілдер** қазақ ұғымында ашына деген мағынаны білдіргенімен, контекст арқылы ғана Петр Васильич пен Борис Андреичтің қыз көруге барып, нәтижесінде қыздың екеуінің де көңілінен шықпай, құлазып, көңілдері бірдей түсіп келе жатқан достардың хәлін меңзеп тұр.

- *Бұл сапарымыз да сәтсіз болды! – деді Петр Васильич Борис Андреичтің жүзіне үңіліп.*

- *Солай, – деп Борис Андреич күле жауап қайырды.*

- *Өзім де солай ойлап едім.*

Контекстен тыс алып қарасаңыз, бұл сөздердің өзара орын алмастыратын реті жоқ сияқты көрінеді, мағыналары мүлдем басқа. Солай болса да контекстегі ойдың сабақтасуын автор достар деген сөзден гөрі көңілдер сөзімен ауыстырған. Дегенмен, сөз мағынасы контекст арқылы айқындалғанымен, сәтсіз аударма, ұтымды суреттеу емес екенін аңғару қиын емес.

Жоғарыда берілген мысалдардың барлығы контекстің хаосты реттеушілік қызметінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді, мысалдар арқылы тілдік жүйеге тән «бір мағынаға бір таңба» деген заңдылық бұзылады. Сөздің түрленуі, өзгеруі оның жаңа әлеуметтік ортадағы қызметі, рухани дүниедегі жаңа танымдық деңгейіне қатысты қолданылуымен байланысты.

Осы өзгерістердің барлығы сөздің синергетикалық әлеуетін, оның сиқырлы әсерін күшейтеді, сөз бен сөз тіркесі, сөйлем жаңа коммуникативті байланыстарға сәйкес жаңа ассоциацияларға, коннотацияларға, мағыналарға ие болады.

Демек, тілдің өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретіндегі қасиеті өмір бойы адам санасын қалыптастырады, алайда, керісінше адамның, яғни тілдік тұлғаның, креативті идеялары мен ерекше танымы да тілді белсенді түрде түрлендіре отырып, тілді жасайтындығы да ақиқат.

Олай болса Ә. Кекілбаевтың шығармасынан алынған келесі тілдік айғақтарды контекст пен синергиялық құбылыс мән тұрғысынан талдап көрейік, асты сызылған сөз тіркестері мен сөйлемдердің мәні контекст арқылы ғана ашылады, яғни сөйлемдердегі іс-әрекет жан-жақты түсіндіруді қажет ететін мазмұндағы нысанға «зәру» болады [15; 20-25]:

1. *Әдеп пен тәртіпті, үнсіз бағыну мен ұқыптылықты сауыт қып киініп, лауазымды ордаға тымпылып кіріп, тымпылып шығып жүрген қойдан қоңыр кеңсе қызметкерінің көкірегінде әлде бір бұралқы күшік шәуілдеп үріп қоя бергені!*

2. *Оған бола шалабын шайқайтын ешкім табылмайды.*

3. *Өйтіп, қолға өзі түсіп отырған батпан құйрықты өзіміз итке лақтырған болмайық. Мүмкіндігінше, алдап-сулап бағайық. Бастан секіріп бара жатса, итір-қылжыңға салып жүрмей, ендігәрі беттен алмайтындай қылып, бел омыртқаларын үзіп біржолата жер тістетіп тасталық.*

4. Жарты ғаламдай жалпақ Азия қолға өзі келіп түскелі тұрған жоқ па! Бұндай дәуренді саған дейінгі ауызымен құс тістеген талай падиша көре алмай кеткенді. Күн күйдірген күнес Азия саған дейін ешбір Европалық билеушіге сауыны болған мама сиырдай сауырын төсеп тұрып алмаған-ды.

5. Оның ішінде тағдырдан бір кісідей-ақ өгейлік көрген әлгі теңізшіге іштарлық ойлағанына қатты ұялды.

6. Ұғамысың бұны, тәж иесі, тақ иесі ұрғашы! Бөксеңді Европаға басып, етегіңді Азияға шашып шалжыып отырған сенде де арман бар ма екен, сірә!

Бірінші сөйлемнің мазмұнын қабылдаған коммуникант, біріншіден, «қойдан қоңыр кеңсе қызметкерінің» көкірегіндегі қызғаныштың оянуын түсіне алмай себебін іздесе, екіншіден, жуас сөзінің қойдан қоңыр деп синергиялық құбылуы хаос тудыруы мүмкін. Ол себеп бірінші сөйлемдегі контексте баяндалған Дегеніне жетіп, екі езуі екі құлағында тұрған маз-мәйрам теңізшіні көргенде Кирилов сұйқылт жымсиды. Ал қазақ үшін төрт түліктің ішіндегі ең жайлысы қой мен қарапайымдылықты қоңыр деп алып, кейіпкер образын барынша шынайы беруді көздейді. Ол кейіпкердің «қойдан қоңыр» болу себебін келесі контекст арқылы түсінуге болады. «Талай сабаздың көз көрмеген қиян түкпірлерге жасалатын талай сапарына өзім себеңші болдым. Ал менің өзім осындай жорықтарға қашан аттанам? Әлде осылай, әкем марқұм айтқандай, мынау төрт қабырғадан бір қадым аттап шыға алмай, шар тарапты қиялмен шарлап, шақша басым шарадай болып, стол айнала сенделумен бар дәуренімнің өткені ме?!». Жұмыс десе ішкен асын жерге қоятын, басқа жұрт, басқа кісілердің не істеп, не қойып жатқанында кеп шаруасы бола бермейтін Кирилов дәл мынандай бұралқы күшік өзінің де көкірегінен күрке салып ала қояды ғой деп ойламаушы еді.

Екінші мысалдағы «шалабын шайқайтын» ешкім болмау себебін алдыңғы сөйлемдегі биліктің құдіретіне қарсы келмейтінін ұқтыратын контекст арқылы аңғарамыз: «Билік шіркіннің бір құдіреті осы-ау! Талайды астындағы атынан аударып түсіріп, өзің мініп кетсең, басқаға жараспағанмен, саған жарасады. Талайдың көкірегіндегі ойын қазып алып, ауызындағы сөзін қағып алып, өзіне айтқызбай, өзің айтсаң, басқаға жараспағанмен, саған жарасады.

Үшінші мысалда үш сөйлем қатар тіркесіп берілгенімен, жеке тұрғанда түсініксіз, яғни хаос бар, бұл сөйлемдердің мағынасын түсіну үшін, жазушының Әбілқайыр ханның ұсынысына Ресей империясының ішкі жауабын анықтап беретін тұтас бір контекстін беру керек, оның бәрін мақалаға жазып жатуды жөн көрмедік. Дегенмен, төртінші берілген мысалдағы сауыны болған мама сиырдай сауырын төсеп тұрып алмаған-ды деген ой, алдыңғы мысалдағы ойды толықтырып, Ресей империясының қазақтарды «мама сиырдай сауып отыру» қағидасын меңзеп, хаосты реттеудегі контекст қызметінің рөлін айшықтай түседі.

Бесінші сөйлемдегі тағдырдан бір кісідей-ақ өгейлік көрген теңізшінің әкесінен емес, өгейлікті тағдырдан көруі сәтті құрылған сөз синергиясы ғана емес, туындаған хаосты түсіндіруге контекст қажет ететін синтаксистік бірлік деп есептейміз.

Соңғы берілген мысалдағы автордың бөксесін Европаға басып, етегіні Азияға шашып шалжыып, армансыз отырған тәж иесі, тақ иесі ұрғашы деп отырғаны Петр патшаның түсіне де кірмеген бақытқа кенеліп, қазақтардың еркіндігі мен жерін уысына түсіріп отырған императрица Анна Иоанновнаны меңзеп тұрғанын коммуникантқа контекстсіз түсіну қиын.

Осы тектес мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Мұндағы мақсатымыз біреу — синергетиканың бейберекеттік құбылысының туындауын анықтау және оны реттеудегі контексттің маңызды рөл атқаратынын анықтау. Жоғарыда берілген мысалдардан хаос тудырған тілдік бірліктерді контекстсіз түсіну қиындық тудыратынын, ұлттық болмысымызға ғана тән кейбір ұғымдар мен синтаксистік бірліктерді түсіну үшін санамызда хаосты реттейтін ұлттық құндылықтарымызға қатысты контекст болу керек деп тұжырымдаймыз.

Қорытынды

Сонымен мақалада тіл біліміндегі синергетика ұғымы мен хаос құбылысының контекст арқылы реттелуін қарастырдық. Зерттеу нәтижесі көрсеткендей лингвистика ғылымның қазіргі дамуының инновациялық траекториясын синергетика ұғымынан тыс қарастыруға болмайды және бұл тіл жүйесінің құбылысын және оның маңызды компоненттерін, соның ішінде тілдік бірліктердің бірі мәтін мәнін ашуда қызмет етеді. Абсолютті авторлық ой оқырманның қабылдау санасының еркіндігімен ұштасу процесінде хаос аймағына айналады, оқырман санасында толқын тудырады. Мұндағы парадокс мынада: мәтіннің идеясы, автордың ниеті пен айтпақ ойы оқырманның қабылдау

мүмкіндігіне қарай ашылады, оқырманның қабылдауына қарай мәтін мағынасы оның дискурсына айналады. Зерттеу жұмысының нысанын пайымдау үшін алдымен хаос және контекст ұғымдарына шолу жасалып, кеңірек түсінік берілді. Зерттеу мақсаты нақтылана түсу үшін синергияның бейберкеттік ұғымының контекстке қатысы анықталды. Зерттеу материалы ретінде қазақ тіліндегі әдеби шығармалардан алынған мысалдар арқылы тілдік айғақтар келтірдік. Зерттеу әдісіне орай, берілген мысалдарға синергетикалық, контекстік және лексикалық талдау жасалды. Нәтижесінде контекст пен синергетиканың ықпалдастығы талданды.

Зерттеу жұмысы барысында жасалған тұжырымдар синергетикалық құбылыстың бірі хаос әсерінен тілдік бірлік терең мағына тікелей байқала бермейтін, тұтас ойды түсіну қиынға соғатын, мәні контекст арқылы ғана ашылатын мәтінге айналатыны анықталды. Зерттеу нәтижесінде контекст хаосты реттейтін негізгі фактор екені расталды.

Зерттеу қазақ тіл білімінде синергетикалық құбылысты терең зерттеуге бағытталған алғашқы қадамдардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ганев Б.Т. Порядок и хаос в языке [Электронный ресурс] / Б.Т. Ганев // МНКО. — 2020. — № 6 (85). — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/poryadok-i-haos-v-yazyke>
- 2 Старикова Д.Д. Синергетическая модель «порядок–хаос–порядок» в исследовании концептов [Электронный ресурс] / Д.Д. Старикова // Мир науки, культуры, образования. — 2021. — № 6 (91). — С. 563–565. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/sinergeticheskaya-model-poryadok-haos-poryadok-v-issledovanii-kontseptov>
- 3 Жақыпов Ж.А. Контекстуалдық синтаксис: монография / Ж.А. Жақыпов. — Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2021. — 284 б.
- 4 Герман И.А. Лингвосинергетика / И.А. Герман. — Барнаул, 2007. — 168 с.
- 5 Tatiana D. On the complex nature of a simple word: a diachronic linguosynergetics view / D. Tatiana // Scientific Bulletin of Kherson State University Series Germanic Studies and Intercultural Communication. — 2019. — 1. — P. 36–42. <https://doi.org/10.32999/ksu2663-3426/2019-1-5>
- 6 Dombrovan T.I. Linguistic synergetics: origin, key concepts and application / T.I. Dombrovan // Writings in Romance-Germanic Philology. — 2016. — 0(2(37)). — P. 95–107. [https://doi.org/10.18524/2307-4604.2016.2\(37\).93771](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2016.2(37).93771)
- 7 Васильченко О. Вариативность немецкой фонемы /r/ сквозь призму лингвосинергетики / О. Васильченко // Записки з романо-германської філології. — 2019. — вип. 0(2(43)). — P. 20–29. [https://doi.org/10.18524/2307-4604.2019.2\(43\).186208](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2019.2(43).186208)
- 8 Shcherbakova M. Positional aspect of the English text perception by the native speakers of English language / M. Shcherbakova, A. Fomichenko // Baltic Humanitarian Journal. — 2021. — 10(35). <https://doi.org/10.26140/bgz3-2021-1002-0091>
- 9 Khranchenko D. The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media / D. Khranchenko // Indonesian journal of applied linguistics. — 2023. — Vol. 13. — No. 2. — P. 368–379. <https://ejournal.upi.edu/index.php/IJAL/article/view/63068>
- 10 Каиржанов А.К. Синергия языка: монография / А.К. Каиржанов. — Астана, 2007. — 240 с.
- 11 Манкеева Ж.А. Қазақ сөзінің синергиясы / Ж.А. Манкеева. — Алматы: Қазақ ұлттық университеті, 2021. — 272 б.
- 12 Zobotkina V.I. Sense disambiguation in polysemous words: cognitive perspective / V.I. Zobotkina, E.L. Boyarskaya // Psychology in Russia. — 2013. — Vol. 6. — Iss. 3. — P. 60–67. — State of the Art. M.: Lomonosov Moscow State University, Russian Psychological Society.
- 13 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік / Ә. Қайдар; ред. Р.Қ. Шаймерденов. — Алматы: А. Байтұрсынұлы атынд. Тіл білімі ин-ты, 2009. — 780 б.
- 14 Тургенов И.С. Таңдамалы / И.С. Тургенева. — Алматы: Жазушы. — 1983. — Т.2. Повестер. — 560 бет.
- 15 Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман / Ә. Кекілбаев. — Алматы: Жазушы, 1984. — 428 б.
- 16 Қожахметова А. Тіл біліміндегі синергетика ғылымы / А. Қожахметова. — Tiltanym. — 2022. — № 4 (88). — Б. 41–50.
- 17 Мигачев В.А. Лингвосинергетика в лингвопрогностике / В.А. Мигачев, Е.В. Бондаренко // Научные ведомости БелГУ. Сер. Гуманитарные науки. Филология. Журналистика. Педагогика. Психология. — 2008. — № 11 (51). — Вып. 1. — С. 5–10.
- 18 Жумагулова А.М. Қазақ дискурсының лингвосинергетикасы / А.М. Жумагулова // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2021. — № 3. — Б. 12–18.
- 19 Алдашева К.С. Тіл синергетикасы vs тіл динамикасы / К.С. Алдашева, И.С. Султаниязова // Актуальные научные исследования в современном мире. — 2021. — Вып. 5 (73). — Часть 8. — С. 94–100.
- 20 Klymenko O. Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies / O. Klymenko // Theory and Practice in Language Studies. — 2022. — Vol. 12. — No. 2. — P. 417–423.

Ж.А. Жакупов, Қ.Б. Туйлебаева

Переход от хаоса к порядок в речи

В статье рассмотрены контекстуальные значения и функции синергетики в регуляции явления хаоса, понимаемого как проявление адаптации к социокультурной среде через механизмы самоорганизации, характерные для открытых и сложных систем. Данные процессы стали объектом изучения в различных научных дисциплинах. Особое внимание уделено лингвистическому аспекту, представленному в докторском исследовании на тему «Синергетические явления в казахском языке», а также языковым свидетельствам, выявленным в процессе анализа. Мы считаем обоснованным утверждение о том, что концепт синергии становится общемировой научной тенденцией и находит широкое применение в различных сферах, включая языкознание. В лингвосинергетике язык рассматривается как динамичная, самоорганизующаяся система, в которой взаимодействие элементов приводит к возникновению новых лингвистических форм и научных открытий. Цель статьи — выявить механизмы контекстуальной регуляции явления хаоса в речи и раскрыть его сущностное значение через анализ языковых свидетельств. Задачи исследования: - описать сущность и проявления синергетики в языкознании применительно к феномену хаоса; - определить роль контекста в регуляции хаоса; - провести контекстуальный анализ языковых свидетельств. Материалом исследования послужили монографии, научные статьи и иные исследовательские работы, посвященные данной тематике. На их основе были собраны и проанализированы примеры из произведений на казахском языке, использованные в качестве языковых свидетельств. В ходе работы применялись как традиционные (описательный, сравнительный, историко-сравнительный) методы, так и синергетический, контекстуальный и лексический анализ. Теоретическая значимость исследования заключается в систематизации знаний о лингвосинергетике, включая понятие хаоса, а также в более глубоком осмыслении современных направлений научного поиска в этой области. Практическая значимость проявляется в расширении знаний исследователей и соискателей по темам синергии, лингвосинергетики, хаоса и контекста, а также в развитии методологических подходов к анализу языковых систем. На основе анализа научных источников автор приходит к выводу, что понимание закономерностей лингвосинергетики имеет ключевое значение при изучении языковых процессов, а контекст выступает в качестве важнейшего фактора, регулирующего проявление хаоса в языке. Несмотря на наличие теоретических обобщений в казахском языкознании, утверждающих, что языковая система представляет собой открытое, постоянно развивающееся синергетическое явление, до настоящего времени не проводился целенаправленный анализ феноменологических аспектов синергетики. Настоящая статья является первой исследовательской работой, раскрывающей значение контекста в регулировании хаоса на основе конкретных примеров и языковых свидетельств.

Ключевые слова: синергетика, хаос, контекст, языковая система, лингвосинергетика, диссипация, бифуркация.

Zh.A. Zhakupov, K.B. Tuilebaeyeva

The transition from chaos to order in speech

This article examines the contextual role and function of synergetics in regulating the phenomenon of chaos, which is understood as a form of adaptation to the socio-cultural environment through self-organization processes typical of open and complex systems. Such processes are increasingly studied across various scientific disciplines. The focus of this research lies in the linguistic dimension of synergetics, as explored within the framework of a doctoral dissertation titled “Synergetic Phenomena in the Kazakh Language”. The analysis draws on linguistic evidence identified throughout the study. The concept of synergy is gaining recognition as a global scientific trend and is now applied across numerous fields, including linguistics. Within the field of linguosynergetics, language is conceptualized as a dynamic and self-organizing system in which the interaction of internal elements leads to the emergence of new linguistic forms and insights. The main objective of this study is to identify how context regulates chaos in speech and to explore its deeper linguistic significance through the analysis of contextual linguistic data. To achieve this goal, the study pursues three key objectives: - to describe the nature and manifestations of synergetics in linguistics with regard to chaos; - to determine the significance of context in the regulation of linguistic chaos; - to conduct a contextual analysis of linguistic evidence, primarily from Kazakh literary sources. The research is based on a range of scholarly sources, including monographs and academic articles. A combination of traditional methods (descriptive, comparative, historical-comparative) and more specialized approaches (synergetic, contextual, and lexical analysis) is used. The theoretical value of this study lies in the systematization of knowledge in the field of linguosynergetics and the advancement of understanding regarding chaos as a linguistic phenomenon. Its practical relevance is reflected in the methodological insights it offers for analyzing language systems. While Kazakh linguistics has acknowledged language as a synergetic, evolving system, this study is the first to provide a focused analysis of how context regulates chaos, supported by concrete linguistic examples.

Keywords: synergetics, chaos, context, language system, linguosynergetics, dissipation, bifurcation.

References

- 1 Ganeev, B.T. (2020). Poriadok i khaos v yazyke [Order and chaos in language]. *Mir nauki, kultury, obrazovaniia — World of Science, Culture, and Education*, 6 (85). Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/poryadok-i-haos-v-yazyke> [in Russian].
- 2 Starikova, D.D. (2021). Sinergeticheskaia model «poriadok–khaos–poriadok» v issledovanii kontseptov [The synergetic model of “order–chaos–order” in the study of concepts]. *Mir nauki, kultury, obrazovaniia — World of Science, Culture, and Education*, 6 (91), 563–565. Retrieved from <https://cyberleninka.ru/article/n/sinergeticheskaya-model-poryadok-haos-poryadok-v-issledovanii-kontseptov> [in Russian].
- 3 Jaqyrov, J.A. (2021). *Kontekstualdyq sintaksis [Contextual syntax]*. Nur-Sultan: L.N. Gumilev atyndaғы Eurasia Ulttyq universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 4 German, I.A. (2007). *Lingvosinergetika [Linguosynergetics]*. Barnaul [in Russian].
- 5 Tatiana, D. (2019). On the complex nature of a simple word: a diachronic linguosynergetics view. *Scientific Bulletin of Kherson State University Series Germanic Studies and Intercultural Communication*, 1, 36–42. <https://doi.org/10.32999/ksu2663-3426/2019-1-5>
- 6 Dombrovan, T. (2016). Linguistic synergetics: origin, key concepts and application. *Writings in Romance-Germanic Philology*, 0(2(37)), 95–107. [https://doi.org/10.18524/2307-4604.2016.2\(37\).93771](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2016.2(37).93771)
- 7 Vasil'chenko, O. (2019). Variativnost nemetskoï fonemy /r/ skvoz prizmu lingvosinergetiki [Variability of the german phoneme /r/ from the point of view of linguosynergetics]. *Writings in Romance-Germanic Philology*, 0(2(43)), 20–29. [https://doi.org/10.18524/2307-4604.2019.2\(43\).186208](https://doi.org/10.18524/2307-4604.2019.2(43).186208)
- 8 Shcherbakova, M., & Fomichenko, A. (2021). Positional aspect of the English text perception by the native speakers of English language. *Baltic Humanitarian Journal*, 10(35). <https://doi.org/10.26140/bg3-2021-1002-0091>
- 9 Khranchenko, D. (2023). The power of synergy in discourse: Exploring persuasive language in English mass media. *Indonesian journal of applied linguistics*, 13(2), 368–379. <https://ejournal.upi.edu/index.php/IJAL/article/view/63068>
- 10 Kairzhanov, A.K. (2007). *Sinergiia yazyka [Synergy language]*. Astana [in Russian].
- 11 Mankeeva, J.A. (2021). *Qazaq söziniñ sinergiiasy [Synergy of the Kazakh word]*. Almaty: Qazaq ultiq universiteti [in Kazakh].
- 12 Zabotkina, V.I., & Boyarskaya, E.L. (2013). Sense disambiguation in polysemous words: cognitive perspective. *Psychology in Russia*, 6(3), 60–67. State of the Art. M.: Lomonosov Moscow State University, Russian Psychological Society.
- 13 Kaidar, Ä. (2009). Qazaqtar ana tili äleminde: etnolingvistikalıq sözdik [Kazakhs in the world of their native language: an ethnolinguistic dictionary]. R.Q. Şaimerdenov (Ed.). Almaty: A. Baitürsynuly atyndaғы Til bilimi instituty [in Kazakh].
- 14 Turgenov, I.S. (1983). *Tañdamaly [Favorites]*. Vol. 2. Povester. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 15 Kekilbayev, A. (1984). *Eleñ-alañ.Roman [Morning time]*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 16 Kojahmetova, A. (2022). Til bilimindeғы sinergetika ғыlymy [Synergetic science in linguistics]. *Tiltanym*, 4 (88), 41–50 [in Kazakh].
- 17 Migachev, V.A., & Bondarenko, E.V. (2008). Lingvosinergetika v lingvoprognoztike [Linguosynergetics in linguoprognoztics]. *Nauchnye vedomosti Belgorodskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki. Filologiya. Zhurnalistika. Pedagogika. Psikhologiya — Scientific bulletin of Belgorod University. Humanities, Philology, Journalism, Pedagogy, Psychology Series*, 11 (50), 6, 5–10 [in Russian].
- 18 Jumagulova, A.M. (2021). Qazaq diskursynyñ lingvosinergetikasy [Linguosynergetics of Kazakh discourse]. *Sh. Ualikhanov atyndaғы Kokshetau universitetinin khabarshysy — Bulletin of the Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov. Philological series*, 3, 12–18 [in Kazakh].
- 19 Aldasheva, K., & Sultaniyazova, I. (2021). Til sinergetikasy VS til dinamikasy [Language synergy vs language dynamics]. *Aktualnye nauchnye issledovaniia v sovremennom mire — Current scientific research in the modern world*, 5(73), 94–100 [in Kazakh].
- 20 Klymenko, O. (2022). Synergetic Linguistics as a New Philosophy of Language Studies. *Theory and Practice in Language Studies*, 12(2), 417–423.

Information about the authors

Zhakupov Zhantas Altayevich — Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: zhan.zhak58@gmail.com

Tuilebaeva Kuralay Biadilovna — Doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: TKB.84@mail.ru